

Register your product and get support at

www.philips.com/welcome

PFL3108H

КК Пайдаланушы нұсқаулығы

PHILIPS

Мазмұндар кестесі

| | | | |
|----------|--|-----------|--|
| 1 | Маңызды ақпарат | 3 | |
| | Қауіпсіздік | 3 | |
| | Күтім | 4 | |
| | Занды | 5 | |
| | Тұрақтылық | 7 | |
| | Анықтама және қолдау | 9 | |
| 2 | Теледидарды пайдалану | 10 | |
| | Теледидардың басқару элементтері | 10 | |
| | ТД көрү | 11 | |
| | Бағдарламалық нұсқаулықты көрү | 15 | |
| | Мультимедиа файлдарын ойнату | 15 | |
| 3 | Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану | 18 | |
| | Телемәтінді көрү | 18 | |
| | Блоктау мен таймерлерді орнату | 19 | |
| 4 | Теледидар параметрлерін өзгерту | 21 | |
| | Сурет пен дұбыс | 21 | |
| | Канаалдар | 23 | |
| | Тіл параметрлері | 26 | |
| | Басқа параметрлер | 27 | |
| | Бағдарламалық жасақтаманы жаңарту | 27 | |
| | Барлығын қайта орнату | 28 | |
| 5 | Теледидарды қосу | 29 | |
| | Кабельдер туралы | 29 | |
| | Антеннаны қосу | 30 | |
| | Құрылғылар жалғау | 30 | |
| | Қосымша құрылғыларды қосу | 35 | |
| | Жалғаулы құрылғыларды көрү | 37 | |
| | EasyLink құрылғыларын орнату | 37 | |
| | SAM (Шартты кіру модулі) модулін қосу | 39 | |
| 6 | Ақаулықтарды жою | 40 | |
| | Жалпы мәселелер | 40 | |
| | Арналарға қатысты ақаулықтар | 41 | |
| | Сурет ақаулары | 41 | |
| | Дұбыс ақаулары | 42 | |
| | Байланысқа қатысты ақаулықтар | 42 | |
| | Philips компаниясына хабарласу | 43 | |
| 7 | Ерекшеліктер | 44 | |
| | Қуат және қабылдау | 44 | |
| | Дисплей және дұбыс | 44 | |
| | Экран ақыратымдылығы | 44 | |
| | Мультимедиа | 45 | |
| | Байланыс мүмкіндігі | 46 | |
| | Анықтама нұсқасы | 46 | |
| 8 | Индекс | 47 | |

1 Манызды ақпарат

Қауіпсіздік

Сақтандыру шаралары

Теледидарды пайдаланардың алдында барлық нұсқауларды оқып, түсініп алыныз. Нұсқауларды орындау қателігінен ақаулық туындаста, кепілдік қолданылмайды.

Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!

- Теледидарды жанбырга немесе соға шығарманыз. Теледидардың жаңына ваза сияктың күйінде ыдыстарды қойманыз. Егер сүйкіткіш теледидардың үстінен немесе ішіне төгіле, теледидарды қуат розеткасынан бірден ажыратыныз. Пайдаланбас бұрын теледидарды тексеру үшін Philip теледидары тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыныз.
- Ешқашан теледидардың, қашықтан басқару пультін немесе батареяларды жалаңаш жалынның немесе басқа қызу көздерінін жаңына, оның ішінде тікелей күн шуағына қойманыз. Өрттің жайылып кетуіне жол бермеу үшін шырағданы немесе басқа жалынды теледидардан, қашықтан басқару пультінен және батареялардан барлық үақытта алыс ұстаныз.



- Ешқашан теледидардың жедеткіш тесіктеріне немесе басқа ашық жерлеріне заттар салманыз.

- Қашықтан бақылау немесе батареяларды жаңыбырга, соға немесе тым көп қызулы жерлерге шығарманыз.
- Қуат розеткасына қатты қүш салманыз. Қуат розеткасының қуат көзіне толық косылғанын тексерініз. Бос тағылған қуат розеткасы қуығе немесе өртке себеп болуы мүмкін.
- Теледидар айналмалы етіп орнатылғанда, электр шнурының тартылып тұрмағанына көз жеткізініз. Ток сымындағы дәнектер байланысты нашарлатуы және қуоюне себеп болуы мүмкін.
- Теледидарды ток көзінен ажырату үшін теледидардың электр шнуры ажыратылуы керек. Электр шнурын ажыратқанда, шұндан өмес, әрдайым ашасынан тартып сұрыныз. Барлық үақытта электр ашасына, электр шнурына және ток көзіне онай қол жеткізе алатынызыға көз жеткізініз.

Теледидарды зақымдау қаупі бар!

- Салмағы 25 кг-нан немесе 55 фунттан асатын теледидарды екі адам көтеріп тасымалдауды тиіс.
- Теледидарды тіреуіне орнатқан кезде тек жинақтағы тіреуді пайдаланыныз. Теледидарға тіреуді қауіпсіз етіп орнатыныз. Теледидар мен тіреудің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын тегіс, жазық жерге теледидарды орналастырыныз.
- Теледидарды қабырғаға орнатқан кезде теледидардың салмағын ұстап тұра алатын қабырға тіреуін ғана пайдаланыныз. Қабырға тіреуін теледидар мен қабырға тіреуінің салмағын біркелкі ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыныз. TR Vision компаниясы қабырғаға дұрыс орнатпау салдарынан орын алған келенсіз жағдайларға, дене жаракатына немесе зақымдануға жауап бермейді.

- Теледидарды сақтау қажет болса, тіреуді теледидардан алып тастаңыз. Тіреу орнатылған кезде теледидарды артқы жағымен қоймаңыз.
- Теледидарды ток көзіне қосардың алдында, электр кернеуінің теледидар артындағы мәнгे сәйкес келеттініне көз жеткізіңіз. Егер кернеу басқа болса, теледидарды ешқашан ток көзіне қоспаңыз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алмас үшін және закымданбас үшін абайлагұстаныз.

Балалардың жаракттану қаупі бар!

Теледидардың балалар үстінен құлап, олардың жаракттануына жол бермеу үшін мына сактандыру шараларын орындаңыз:

- Ешқашан теледидарды сырғанап тұрмайтын жапқыш немесе басқа материал жабылған жерге қоймаңыз.
- Теледидардың ешқандай бөлігінің шетінен салбырап тұрмадынына көз жеткізіңіз.
- Ешқашан теледидарды ұзын жиназға, кітап шкафы сияқты қабыргаға жиназ бен теледидарды бекітпей немесе қолайлы демеусіз орналастырмаңыз.
- Теледидарға жету үшін жиназға мінуден қауіп-қатерлер болатыны туралы балаларды хабардар етіңіз.

Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Бұйымда немесе қашықтан басқару құрылғысында жұтуға болатын тиынға ұқсас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаныз!

Қатты қызып кету қаупі бар!

- Ешқашан теледидарды тар жерге орнатпаңыз. Эрқашанда теледидардың желдетілуіне айналасынан кемінде 4 дюймдей немесе 10 сантиметрдей бос орын қалдырыңыз. Теледидардың желдеткіш тесіктерін перделердің немесе басқа заттардың жауып қалмауын қадағалаңыз.

Тоқ сымының закымдану немесе өртену қауіп!

- Ешқашан теледидарды немесе басқа заттарды электр шнурының үстінен қоймаңыз.
- Найзағай алдында теледидарды қуат көзінен және антеннадан ажыратып қойыңыз. Найзағай кезінде теледидардың кез келген бөлігіне, қуат сымына немесе антенна кабеліне тиіспеніз.

Есты қабілеті зақымдану қауіп!

- Құлаққапты жогары дауыс деңгейінде немесе ұзак уақыт пайдаланудан сактанаңыз.

Төмен температуралар

- Егер теледидар 5°C немесе 41°F мөнінен төмен температурада тасымалданса, теледидарды қуат көзіне жалғаудан бұрын, оны қорабынан шығарып алып, теледидардың температурасы бөлме температурасымен сәйкес келгенше күтіңіз.

Күтім

Экран

- Теледидардың экранына закым келу қаупі бар! Ешқашан экранды ұстамаңыз, баспаңыз, ысқыламаңыз немесе кез келген нысанмен қырманыз.
- Тазалау алдында теледидардың шнурын ажыратыңыз.
- Теледидар мен жақтауын жұмсақ, әрі дымқыл шуберекпен тазалаңыз және жайлап сүртіңіз. Ешқашан алкоголь, химиялық заттар немесе тұрмыстық тазалағыштар сияқты заттарды теледидарға пайдаланбаңыз.
- Сызылуын және түсінің кетүін болдырмау үшін, мүмкідігінше су тамшыларымен сүртіп тұрыңыз.

- Мүмкіндігінше негізгі суреттерді қолданбаңыз. Қозғалмайтын кескіндер дегеніміз экран бетінде ұзак уақыт сақталатын кескіндер. Қозғалмайтын кескіндерге экрандың мәзірлер, қара жолақтар, уақыт дисплейлері және т.б. жатады. Егер қозғалмайтын кескіндерді пайдалану керек болса, экранның закымдануын болдырмау үшін экран контрасты мен жарықтығын азайтыңыз.

Орнату көнестері

- Теледидарды экранына жарық тіkelей түспейтін жерге орналастырыңыз.
- Бұл теледидарды көру үшін ен ыңғайлы қашықтығы — үш еселік экран диагоналы. Мысалы, егер теледидар экранының диагоналы 81 см / 32 дюйм болса, теледидарды көру үшін ен ыңғайлы қашықтық экран алдынан шамамен 2,5 м / 92 дюйм болады.
- Отырған кезде көздеріңіз экранның ортасымен бір деңгейде болуы керек.


Теледидарды орнату

Теледидарды орнатуды (қабырғаға орнату немесе тірекке орнату) таңдау арқылы теледидардың ен жақсы дыбыс параметрлерін қолдана аласыз.

1. түймесін басыңыз.
2. [Баптау] опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
3. [**Теледидар параметрле**] > [**Жалпы параметрлер**] > [**ТД орналасуы**] параметрлерін таңдаңыз.
4. [**Тел-р тіреуішінде**] не [**Қабырғаға бекіткіш**] опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Теледидарды блоктау

Теледидардың төменгі жағында Кенсингтон қауіпсіздік слоты бар. Теледидарды корғау үшін, Kensington ұрлыққа қарсы құлпын сатып алыңыз (жеке сатылады).



Занда

Ескерту

2013 © TP Vision Netherlands B.V. Барлық құқықтары корғалған.

Бұл бұйым саудаға TP Vision Netherlands B.V. компаниясы немесе оның, бөлімшелерінің бірі, ері қарай осы құжаттағы бұйымның өндірушісі болып келетін TP Vision компаниясы шығарған. TP Vision компаниясы осы кітапша бірге қапталған ТД-ға қатысты кепілгер болып табылады. Philips және Philips Shield Emblem - Koninklijke Philips N.V. компаниясының тіркелген сауда белгілері болып табылады.

Техникалық сипаттамалары ескертусіз өзгертіледі. TP Vision кез келген уақытта бұрынғы жеткізілген жабдықтарды тиісті түрде реттеу міндеттінсіз өнімдерді өзгерту құқығын өзінде қалдырады.

ТД-мен бірге қапталған жазулы материал және ТД-дың жадында сақталған немесе Phillips веб-торабынан жүктелген нұсқаулық жүйіні мақсатты пайдалануға сәйкес келеді. Егер бұйым осы жерде көрсетілгеннен басқа мақсатта пайдаланылған болса, TP Vision компаниясы бұйымынң дұрыс жұмыс істеуіне және қауіпсіздігіне кепілдік бермейді.

TP Vision осы құжат мазмұнындағы кез келген қателерге немесе осы құжат мазмұнының нәтижесі ретінде шықкан кез келген ақауларға жауапты емес. TP Vision компаниясына жазылған қателер Philips қолдана көрсету веб-торабына мүмкіндігінше қысқа мерзімде орнатылады және жарияланады.

Кепілдік шарттары

- Кепілдеме шарттарын Philips қолдана көрсету веб-торабынан жүктеуге болады. ТД-ды өз бетінізben жөндеуге әрекет етпеніз, себебі жарапат алу, ТД-ды зақымдау қаупі бар немесе кепілдік күшін жояды!
- Теледидар мен аксессуарларды өндіруші көрсеткен мақсаттарға ғана пайдаланыңыз.
- Теледидардың артқы жағындағы ескерту белгісі ток соғу қаупінін бар екенін білдіреді. Теледидардың артқы қақпағын ешқашан алып тастамаңыз. Қызмет көрсету немесе жөндеу үшін әрқашан тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.
- Осы нұсқаулықта нақты тыйым салынған кез келген әрекет немесе осы нұсқаулықта ұсынылмаған немесе рұқсат берілмеген реттеу немесе жинау процедуralары кепілдікті жарамсыз етеді.

Пиксель сипаттамалары

Бұл СКД/ЖД өнімінде түрлі түсті пиксельдердің саны жоғары. Оның тиімді пиксельдері 99999% не одан көп болғанымен, экранға қара дақтардың немесе жарықтың ашық нұктелерінің (қызыл, жасыл немесе көк) үнемі шығуы мүмкін. Бұл дисплейдің құрылымдық сипаты (жалпы өнеркәсіп стандарттары шенберінде) және ол ақаулық болып саналмайды.

CE белгісімен үйлесімділік

Бұл өнім 2006/95/EU (төмен кернеу), 2004/108/EU (EMC) және 2011/65/EU (ROHS) директиваларының тиісті талаптары мен басқа да сәйкес ережелеріне сәйкес келеді.



Электр магнитті өріспен (ЭМӨ) үйлесімділігі

TP Vision тұтынушыларға арналған, басқа электрондық құрылымдар сияқты, негізінде, электр магнитті сигналдар шығаратын және қабылдайтын қабілеті бар көп өнімдер жасайды және сатады.

TP Vision компаниясының негізгі жұмыс ұстаныладының бірі біздің өнімдерімізге барлық қажетті денсаулық және қауіпсіздік шараларын сактау, колданыстағы барлық заң талаптарын ұстану және өнімді жасау кезінде қолданылатын ЭМӨ ішінде сактану болып табылады.

TP Vision компаниясына денсаулыққа көрі әсерлері жоқ өнімдерді дамыту, жасау және сату тапсырылған. TP Vision компаниясы өнімдер арналған мақсатқа дұрыс пайдаланылса, олардың қазіргі таңдағы ғылыми дәлелдерге сәйкес пайдалануға қауіпсіз екенін раставиды.

Philips және TP Vision компаниясы халықаралық ЭМӘ және қауіпсіздік стандарттарын дамытуда белсенді рөл атқарып, Philips компаниясының өз өнімдеріндегі алдыңғы тұтастығы үшін стандарттауды әрі қарай дамытуға қатысуна мүмкіндік береді.

Ашық бастапқы бағдарламалық құрал

TP Vision Netherlands B.V. осы құжатпен авторлық құқыктармен қорғалған берілген өнімде пайдаланылатын ашық бастапқы бағдарламалар пакеттеріне тиесіл толық ресурстық кодтың көшірмесін сұрау бойынша ұсынады. Бұл ұсыныс тиісті лицензиялармен суралады. Бұл ұсыныс осы акпаратты алу кезінде кез келген адамға бұйым сатылған күннен бастап үш жылға дейін жарамды. Бастапқы кодты алу үшін ағышынша мына мекенжайға жызыныз:

«Intellectual Property Department, TP Vision Netherlands B.V., P.O. Box 80077, 5600 KA Eindhoven, The Netherlands».

Сауда белгілер мен авторлық құқықтар

Windows Media - тіркелген сауда белгісі немесе Microsoft Корпорациясының Америка Құрама Штаттарында және/немесе басқа елдерде сауда белгісі.



Dolby зертханаларынан алынған лицензия бойынша жасалған. «Dolby» және қос «D» таңбасы – Dolby зертханаларының сауда белгілері.



HDMI мен HDMI High-Definition Multimedia Interface сөз тіркестері және HDMI белгісі Америка Құрама Штаттарындағы немесе басқа елдердегі HDMI Licensing ЖШК сауда белгілері немесе тіркелген сауда белгілері.



Kensington және Micro Saver — дүниежүзі бойынша басқа елдерде берілген тіркеулері және қарастырылып жатқан өтініштері бар ACCO World Corporation корпорациясының АҚШ-та тіркелген сауда белгілері.

Барлық басқа тіркелген және тіркелмеген сауда белгілері олардың тиісті иелерінің меншігі болып табылады.

Тұрақтылық

Электр энергиясын үнемдеу

Бұл теледидар қуатты тиімді пайдалану мүмкіндіктерімен жасалған. Осы мүмкіндіктерге кіру үшін, қашықтан басқару пультіндегі **Жасыл түсті түйме** түймесін басыңыз.

- **Қуатты үнемдейтін сурет параметрлері:** қуатты үнемдейтін сурет параметрлерінің жиынтығын колдануға болады. Теледидарды көріп отырган кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Коректі үнемдеу]** опциясын таңдаңыз. Одан кейін, **[Коректі үнемдеу]** сурет параметрін таңдаңыз.
- **Экранды өшіру:** теледидардан тек дыбыстығына тыңдағыныз келсе, теледидардың экранын өшіруге болады. Басқа функциялар әдеттеңдегі жұмыс істеуді жалғастырады. Теледидарды көріп отырган кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Экран өшірулі]** опциясын таңдаңыз.
- **Автоматты түрде өшіру:** Қуатты үнемдеу үшін, әрекетсіз күйден кейін теледидарды автоматты түрде өшіреді. Теледидарды көріп отырган кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Автоматты өшіру]** опциясын таңдаңыз. Одан кейін теледидар автоматты түрде өшірілетін кезеңді таңдаңыз.

- Белсенді емес құрылғыларды өшіру:**
Қосылған белсенді емес EasyLink HDMI-CEC (тұтынушыға арналған электрондық басқару құралы) үйлесімді құрылғыларын өшіреді. Теледиңдерды көріп отырған кезде, **Жасыл түсті түйме** түймесін басып, **[Әрекетсіз құрылғы өшірулі]** опциясын таңдаңыз.

Қайта өндіру

Бұл өнім қайта өндеп, қайта пайдалануға болатын жогары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Бұйымдағы сыйылған дәңгелекшелі қоқыс жәшігінің белгісі көрінсе, ол бұйымдың Еуропалық 2002/96/ЕС нұсқауына сәйкес оралғанын білдіреді. Электр және электрондық бұйымдарды қоқыска лақтыру жергілікті ережелерімен танысып алыңыз.



Жергілікті ережелерді сактап, ескірғен бұйымдарды әдепкі қоқыска қоспай, жеке лақтырунызы өтінеміз. Ескі бұйымыңызды қоқыска дұрыс тастау коршаған ортаға және адам денсаулығына көрі әсерін тигізуден сактайтын.

Сіздің бұйымыңызда 2006/66/ЕС Еуропалық директивасына сәйкестендірілген кондырылған қайта жандандыруға болатын батарея бар, оны кәдімгі тұрмыстық қалдық ретінде лактыруға болмайды. Батареяларды қоқыска тастау жергілікті ережелерімен танысып алыңыз. Себебі бұйымдарды қоқыска лактыру ережелерін сактау коршаған ортаға және адам денсаулығына көрсететін көрі әсерлерден сактайтын.



Қуат белгісіл

Еуропалық қуат белгісі өнімнің қуат тұтыну тобы туралы мәліметтер береді. Өнімнің қуат тұтыну тобы тым жасыл болса, бұл оның тәмен дәнгейде қуат тұтынатының білдіреді.

Белгіден қуатты тиімді тұтыну тобын, колданыстағы өнімнің қуат тұтынудың орташа мәні мен 1 жылдық қуат тұтынудың орташа мәнін табуға болады. Өнімнің қуат тұтыну мәндерін, сондай-ақ, елінде тиісті Philips веб-торабынан, яғни www.philips.com/TV, табуға болады.

Анықтама және қолдау

Philips веб-торабына кіру

Қосымша ақпарат алу үшін келесі Philips қолдау веб-торабына кіріңіз:
www.philips.com/support.

Сондай-ақ, Philips компаниясының тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету веб-торабынан келесі әрекеттерді орындауға болады:

- жиі қойылатын сұрақтардың жауаптарын табу;
- осы пайдалануыш нұсқаулығының басып шығаруға болатын PDF нұсқасын жүктеп алу;
- электрондық пошта арқылы бізге нақты сұрак жіберу;
- Philips TV тұтынушыларға қызмет көрсету орталығымен онлайн режимінде сөйлесініз (тек белгілі елдерде бар).

Philips байланыс мүмкіндігі

Нұсқаулығын пайдалану

Пайдалануға оңай байланыс мүмкіндігі нұсқаулығы теледидарды баска құрылғыларға косу жолы бойынша бағыт береді.

<http://www.connectivityguide.philips.com>

торабына кіріңіз.

ТД форумын іздеу

Сұрағынызға пайдаланушылардың Philips ТД, қауымдастырымен бұрын жауап қайтарылғаны мүмкін.
www.supportforum.philips.com торабына кіріңіз.

Philips компаниясына хабарласу

Колдау немесе күтім үшін елініздегі Philips теледидары тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласуынызға болады. Нәмірі осы өніммен бірге берілген қағазда жазылған не болмаса www.philips.com/support торабында көрсетілген.


Philips компаниясына хабарласу алдында, теледидардың үлгісі мен сериялық нәмірін жазып алыңыз. Бұл мәліметтерді теледидардың артқы жағынан немесе оның қорабынан таба аласыз.

2 Теледидарды пайдалану

Теледидардың басқару элементтері


Сенсорлар және көрсеткіштер

TV



1. Күту режимі көрсеткіші және қашықтықтан басқару пультінің сенсоры
Күту ЖШД теледидар күту режимінде тұрғанын көрсетеді. Қашықтан басқару пультін сенсорға қарай бағыттаңыз.
Қашықтан басқару пульті мен теледидар арасындағы жолда кедергінің жоқтығын тексерініз.


Қашықтан басқару пульті




1. ⏹ (Күту режимі): теледидарды қосу немесе оны күту режимінде ауыстыру.
2. Ойнату түймелері: медиа файлдардың ойнатылуын бақылау.
3. SOURCE: жалғанған құрылғыларға кіру.
4. FORMAT: суреттің форматын өзгерту.
5. TV: теледидар көру үшін дереккөзді қосу.




6. ⌂(Бастапқы): бастапқы мәзірге кіру.
7. OK: енгізуі немесе таңдауды растау.
8. ▲▼◀▶ (Жылжу түймелері): мәзірлерді шарлау және элементтерді таңдау.



9. ⌂ LIST: теледидар арнасы тізіміне кіру.
10. ⌂ INFO: ағымдағы әрекет туралы мәліметтерді көрсету.
11. ⌂ ADJUST: теледидар параметрлерін реттеу.
12. ⌂ OPTIONS: ағымдағы қол жетімді опцияларға кіру.



13. (Арты): алдыңғы мәзір бетіне қайтып оралады немесе теледидар функциясынан шығады.
14. CH - / CH +: арналарды аудыстыру.
15. +/- (Дауысы): дұбыс деңгейін реттей.
16. (Дауыссызы): дұбысты өшіру немесе деңгейін қалпына келтіру.




17. Түрлі түсті түймелер: тапсырмаларды не опцияларды таңдау.
- Кызмет провайдері ұсынған қызметтерге сәйкес келетін түймелер функциясы.
18. SUBTITLE: субтитрлерді қосу не өшіру.
- 19.0-9 (Санды түймелер): теледидар арналарын таңдау не мәтін енгізу.
- 20.TEXT: телемәтінді қосу немесе ажырату.

EasyLink басқару элементтері

Теледидарды HDMI-CEC арқылы қосылатын құрылғыларға жалғасаңыз, мысалы, Blu-ray ойнатқышы немесе үй кинотеатры, оларды бір үақытта бір қашықтан басқару құралымен басқаруға болады. Қосылғаннан соң жайғана EasyLink торабына аудысып қосылыңыз.

ТД көру

Теледидарды қосу немесе өшіру



Теледидарды қосу

- Теледидарды қуат розеткасына қосып, желі қуатын қосыңыз.
- Күту ЖШД жаңып тұрса, қашықтан басқару пультіндегі түймесін басыңыз.

Ескертпе. Теледидар жауап беруден бұрын қыска кідіріс болады.

Көнек. Қашықтан басқару пультін таба алмай, теледидарды күту режимінен қосыңыз келсе, теледидардағы түймесін басыңыз.

Теледидарды күту режиміне аудыстыру

Қашықтан басқару құралындағы

түймесін басыңыз.

Теледидардағы күту ЖШД қызыл түске аудысады.


Теледидарды өшіру

Теледидардағы түймесін басыңыз.

Күту ЖШД өшірүлі күйге аудысады.

Ескертпе. Теледидар күту режимінде болғанда не өшіп тұрғанда аз мөлшерде қуат тұтынса да, ол біраз қуат жұмсайды. Теледидарды ұзак үақыт пайдаланбасаңыз, оны негізгі қуат көзінен сұрып алыңыз.

Теледидардың дыбыс деңгейін аұрыстау



Теледидардың дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмөндөту

- Кашықтан басқару күралындағы +/- түймесін басыңыз.


Теледидардың дыбысын өшіру немесе қалпына келтіру

- Дыбысты өшіру үшін, қашықтан басқару пультіндегі түймесін басыңыз.
- Дыбысты қалпына келтіру үшін түймесін қайта басыңыз.

Күлакаспаптың дыбыс деңгейін реттеу

- түймесін басыңыз.
- [Баптау] > [Теледидар параметрлері] > [Дыбыс] > [Күлакқап үнділігі] параметрлерін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
- Денгейді таңдаңыз.

Теледидар арналарын аудыстыру



- Кашықтан басқару күралындағы **CH +/-** түймесін басыңыз.
- Арнаның нөмірін енгізу үшін **Санды түймелер** түймесін басыңыз.

Таңдаулы арналарды басқару

Барлық арналарды немесе тек сүйкіті арналар тізімін ғана қарауыныңға болады.

Сүйкіті арналар тізімін жасау

- ≡ LIST** түймесін басыңыз.
Арналар тізімі көрсетіледі.
- Таңдаулы деп белгілеу үшін арнаны таңдал, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- [Таңдаулыларды қосу/жою] таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Таңдалған арна жұлдызшамен белгіленеді.

Арнаны таңдаулылар тізімінен жою үшін, [Таңдаулыларды қосу/жою] опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Таңдаулы арналар тізімін көрсету

- ≡ LIST**, одан кейін **OPTIONS** түймелерін басыңыз.
- Таңдаулылар тізіміндегі арналарды көрсету үшін [Тізім] > [Таңдаулылар] параметрін таңдаңыз.
- Растау үшін **OK** түймесін басыңыз.

Таңдаулы арналар тізімін қайта реттеу

- Таңдаулы арналар тізімі көрінген кезде, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- [Ретке келтіру] опциясын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
- Қайта реттелетін арнаны таңдал **OK** түймесін басыңыз.
- Ерекшеленген арнаны басқа орынға жылжыту үшін Жылжыту түймелерін басыңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
- Аяқталған соң, **OPTIONS** түймесін басыңыз.
- [Қайта реттеуден шығу], опциясын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Арналар тізімін басқару

Арналар орнатылған соң, мына ерекшеттерді орындаі аласыз:

- Арналарды сүзу.
- Антenna және кабель арналары арасында аудысу.
- Арналардың атауларын өзгерту.
- Арнаны құлыштау.
- Сандық радионы тыңдау.

Арналарды сүзу

1. Теледидарды көріп отырған кезде LIST түймесін басыңыз.
2. OPTIONS түймесін басып, одан кейін [Сүзгі] опциясын таңдаңыз.
3. Параметрді таңдал, OK түймесін басыңыз.

- **[Сандық+Анал-тық]:** Арналар тізіміндегі барлық арналарды көрсету.
- **[Сандық теледидар арналары]:** Тек сандық арналарды көрсету.
- **[Аналогтық арналар]:** Тек аналогтық арналарды көрсету.
- **[Шектеусіз + шифрланған]:** Арналар тізіміндегі барлық арналарды көрсету.
- **[Тегін арналар]:** Тек тегін арналарды көрсету.
- **[Шифрланған арналар]:** Тек сзыылған арналарды көрсету.

Ескертпе: Сүзу параметрлері хабар таратушынызға байланысты өзгеруі мүмкін.

Антenna және кабель арналары арасында ауысу

Теледидар көріп отырғанда, антenna және кабель арналары арасында ауыса аласыз.

1. Теледидарды көріп отырған кезде түймесін басыңыз.
2. [Балтая] > [Арна параметрлері] > [Арнаны орнату] > [Антenna байланысы] опцияларын таңдаңыз.
3. Антenna арналарын көру үшін [Антenna (DVB-T)] параметрін, ал кабель арналарын көру үшін [Кабель (DVB-C)] параметрін таңдал, OK түймесін басыңыз.

Арналардың атауларын өзгерту

Арнаны таңдағанда, оның атауы пайда болады. Бұл арна атауын өзгертуге болады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде LIST түймесін басыңыз.
 2. Атауы өзгертілетін арнаны таңдал, OPTIONS түймесін басыңыз.
 3. [Ат өзг.] таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.
- Экрандағы пернетакта көрсетіледі.

4. Әрбір таңбаны таңдау үшін, **Жылжу түймелері**, одан кейін OK түймелерін басыңыз.

5. Аяқтаған сон, [Дайын] параметрін таңдал, растау үшін OK түймесін басыңыз.

Арнаны құlyптау

Арналарды құlyптау арқылы оларға рұқсатсыз кірге тыйым сала аласыз.

1. Теледидарды көріп отырған кезде LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. Құlyпталатын арнаны таңдал, OPTIONS түймесін басыңыз.

3. [Арнаны кілттеу] таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.

4. Сұралса, ріп кодын енгізініз.

Арналар тізімінде арна құып белгішесімен белгіленеді.

Кенес: Құlyптанған арнаны көру үшін сұраған кезде ріп кодын енгізініз.

Сандық радионы тыңдау

Сандық радио арналары кол жетімді болса, оларды тыңдауға болады. Теледидар арналарын орнатқанда, олар да автоматты түрде орнатылады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде LIST түймесін басыңыз.

Арналар тізімі көрсетіледі.

2. OPTIONS түймесін басыңыз.

3. [Сүзгі] > [Радио] таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.

4. Радио арнасын таңдал, OK түймесін басыңыз.

Жалғаулы құрылғыларды көру

Құрылғыны көрместен бұрын, құрылғыны теледидарға косыңыз.

SOURCE көмегімен құрылғыны таңдаңыз

1. SOURCE түймесін басыңыз.

2. Құрылғыны таңдал, OK түймесін басыңыз.

Басты мәзірден құрылғыны таңдау

1. түймесін басыңыз.

2. [Ресурс] опциясын таңдал, одан кейін OK түймесін басыңыз.

3. Құрылғыны таңдал, OK түймесін басыңыз.

Сурет және дыбыс алдын ала орнатылған параметрлерін пайдалану

Теледидар алдын ала анықталған сурет және дыбыс параметрлерімен келеді. Осы параметрлерді қолдануға немесе теншеуге болады.

Қалаған сурет параметрін таңдау

1. Теледидарды көріп отырган кезде **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. **[Сурет және дыбыс] > [Сурет мәнері]** опцияларын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
3. Опцияны таңдал, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Жеке]**: жеке сурет параметрлерін қолдану.
- **[Жарқын]**: күндіз көруге ен қолайлыштырылғанды әрі динамикалық параметрлер.
- **[Табиғи]**: табиғи сурет параметрлері.
- **[Стандартты]**: көптеген орталарға және бейне түрлеріне сәйкес келетін әдептік параметрлер.
- **[Фильм]**: фильмдер үшін ен қолайлыштырылғанды параметрлер.
- **[Фотосурет]**: фотосуреттер үшін ен қолайлыштырылғанды параметрлер.
- **[Коректі үнемдеу]**: құатты тиімді үнемдейтін параметрлер.

Қалаған дыбыс параметрін таңдау

1. Теледидарды көріп отырган кезде **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. **[Сурет және дыбыс] > [Дыбыс мәнері]** опцияларын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
3. Опцияны таңдал, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Жеке]**: Жекелеген дыбыс параметрлерін қолдану.
- **[Түпнұска]**: көптеген орталарға және дыбыс түрлеріне сәйкес келетін параметрлер.
- **[Фильм]**: фильмдер үшін ен қолайлыштырылғанды параметрлер.
- **[Музыка]**: Музыка тындауға қолайлыштырылғанды параметрлер.
- **[Ойын]**: ойындар үшін ен қолайлыштырылғанды параметрлер.

- **[Жаңалықтар]**: жаңалықтар сияқты ауызша дыбыс үшін ен қолайлыштырылғанды параметрлер .

Сурет форматын өзгерту

Бейне көзіне сәйкестендіру үшін, сурет форматын өзгертуге болады.

1. **FORMAT** түймесін басыңыз.
2. Сурет форматын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Қол жетімді сурет форматтары бейне көзіне байланысты болады.

- **[Авто]**: Сурет сапасын кіріс көзіне сайреттеп.
- **[Косымша ұлғайту]** 4:3 таратылымдарының жан-жағындағы қара жолактарды көтіру. Қатты дискіге немесе компьютерге үсінілмаған.
- **[Кино көнегітімі 16:9]**: 4:3 форматын 16:9 масштабына өзгерту. Қатты дискіге немесе компьютерге үсінілмаған.
- **[Кең, бейнебет]**: Кең экранды формат мазмұнын созбай көрсетеді. Қатты дискіге немесе компьютерге үсінілмаған.
- **[Ауқымы анықталмаған]**: Компьютер үшін барынша толық мәлімет беру. Сурет мәзірінде компьютер режимі таңдалғандағанда қол жетімді болады.
- **[4:3]**: классикалық 4:3 форматында көрсету.

Бағдарламалық нұсқаулықты көрү

Не істеуге болады

Хабар таратушылар берген бағдарлама нұсқаулықтарын пайдаланып сандық теларналардың арна кестелерін және бағдарлама синопсистерін қарай аласыз. Бағдарлама нұсқаулығының қол жетімділігі хабар таратушыға байланысты болады.

Арнаның бағдарлама нұсқаулығын келесі жағдайда қарай алмайсыз:

- арнаның жас шектеуі теледидарда орнатылған жас шектеуіне тең немесе одан жоғары;
- арна құлыптанған.

Хабар таратушыдан

Хабар таратушының бағдарлама нұсқаулығына кіру

- түймесін басыңыз.
- [Теледидар нұсқаулығы] опциясын таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

3. Бағдарламалық нұсқауды алғаш рет карал отырсаныз, нұсқаулықты жаңарту үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

Хабар таратушының бағдарлама нұсқаулығын теншеу

Көрсетілетін мәліметті реттеуге болады:

- Бағдарламалар басталғанда еске салу.
- Тек қалаған арналарды көрсету.
- Дисплей күнін өзгерту.

Ескертпе: Параметрлер хабар таратушыдан қол жетімді бағдарлама ақпаратына байланысты әртүрлі болуы мүмкін.

1. Бағдарламалық нұсқаулықта **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2. Опцияны таңдап, **OK** түймесін басыңыз:

- [Теледидар нұсқаулығын жаңарту]: Бағдарлама нұсқаулығы ақпаратын жаңарту.
- [Күнді өзгерту]: Бағдарлама нұсқаулығын көрсету үшін күнді таңдау.

- [Жанр бойынша іздеу]: Бағдарламаларды жанр бойынша іздеу.
- [Барлық еске салғыштар]: Барлық бағдарлама еске салғыштарының тізімін көрсету.

Мультимедиа файлдарын ойнату

Не істеуге болады

Теледидарға қосылған USB құрылғысынан теледидарда бейнелерді, фотосуреттерді, музыканы және мәтіндік файлдарды ойнатуға болады.

Файлдарды USB құрылғысынан ойнату

Егер USB құрылғысында фотосуреттер, бейнелер немесе музыка файлдары бар болса, файлдарды теледидарда ойнатуға болады.

Ескертү:

- TP Vision компаниясы USB сақтау құрылғысына қолдау көрсетілмеуіне, соңдай-ақ, ондағы деректердің зақымдануына немесе жоғалуына жауап бермейді.
- USB портын шамадан көп жүктеменіз. Егер 500 мА-ден аса қуат тұтынатын USB сақтау құрылғысын жалғасаңыз, оның өзінің сыртқы қуат көзіне жалғанып тұрғанын тексерініз.

USB құрылғысын шолу

1. USB құрылғысын теледидардағы USB қосқышына жалғаңыз.

2. SOURCE түймесін басыңыз, [USB] тармағын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

3. Мазмұн шолғышынан файлды таңдап, ойнатуды бастау үшін **OK** түймесін басыңыз.

4. Ойнатуды басқару үшін **Ойнату түймелері** түймесін басыңыз.

Кеңес

- Файлдарды түр бойынша сұзу үшін мазмұн шолғышының сол жағындағы параметрлердің кез келгенін таңдаңыз.

Басқа USB құрылғысын таңдау үшін:

- SOURCE түймесін басып, [USB] параметрін таңдаңыз.
- Шолу қажет USB құрылғысын таңдап, OK түймесін басыңыз.

Ойнату опциялары

Бейнені көрү

Бейне файлын таңдау үшін **Жылжу түймелері** түймесін басыңыз, одан кейін ойнатуды басқару үшін **OK** түймесін басыңыз.

- Мазмұн браузерінен шығу үшін түймесін басыңыз.
- Алға не артқа қарай іздеу үшін, не түймесін басыңыз. Тұрлі жылдамдықтар арасында ауысу үшін түймені қайталап басыңыз.
- Бейнені тоқтату үшін түймесін басыңыз.

Бейне опциялары

Бейнені ойнатып жатқанда, **OPTIONS** түймесін, одан кейін параметрді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз:

- [Субтитрлар]: Қол жетімді субтитр параметрлерін таңдаңыз.
- [Субтитр тілі]: Қол жетімді болса, субтитрлер үшін тілді таңдаңыз.
- [Аудио тіл]: Дыбыс тілін таңдаңыз.
- [Қайталау]: Бейне файлын қайталап ойнату үшін [Қайталау] параметрін, ал бейне файлын бір рет ойнату үшін [Бір рет ойнату] параметрін таңдаңыз.
- [Араластыру қосулы] / [Араластыру өшірүлі]: Бейне файлдарын кездейсек ойнатуды қосу немесе ажырату.
- [Ақпаратты көрсету]: Бейне туралы мәлімет көрсету.

Ескертпе:

Бейне туралы ақпаратты (мысалы, ойнатылған орын, ұзақтық, атап немесе құн) қарау үшін бейнені таңдал, INFO түймесін басыңыз.

Ақпаратты жасыру үшін INFO түймесін қайтадан басыңыз.

Музыканы тиңдау

Музыка трегін таңдау үшін **Жылжу түймелері** түймесін басыңыз, одан кейін ойнатуды басқару үшін **OK** түймесін басыңыз.

- Мазмұн браузерінен шығу үшін түймесін басыңыз.
- Алға не артқа қарай іздеу үшін, не түймесін басыңыз. Тұрлі жылдамдықтар арасында ауысу үшін қайталап басыңыз.
- Музыканы тоқтату үшін түймесін басыңыз.

Музыка параметрлері

Музыканы ойнатып жатқанда, **OPTIONS** түймесін, одан кейін параметрді таңдау үшін **OK** түймесін басыңыз:

- [Қайталау]: Тректі немесе альбомды қайталап ойнату үшін [Қайталау] параметрін, ал тректі бір рет ойнату үшін [Бір рет ойнату] параметрін таңдаңыз.
- [Араластыру қосулы] / [Араластыру өшірүлі]: Тректі кездейсек ойнатуды қосу немесе ажырату.
- [Ақпаратты көрсету]: Эн туралы мәлімет көрсету.

Ескертпе:

Эн туралы ақпаратты (мысалы, атап, әнші немесе ұзақтық) қарау үшін әнді таңдал, INFO түймесін басыңыз.

Ақпаратты жасыру үшін INFO түйmesін қайтадан басыңыз.

Суреттерді көрү

Сурет таңдау үшін, **Жылжу түймелері**

түймесін басып, одан кейін слайд
көрсетуді бастау үшін, **OK** түймесін
басыңыз.

- Сурет іздеу үшін, **Жылжу түймелері**
түймесін басыңыз.
- Мазмұн браузерінен шығу үшін түймесін басыңыз.

Слайд көрсетілімінің параметрлері

Слайд көрсетілімін ойнатып жатқанда,

OPTIONS түймесін, одан кейін

параметрді таңдау үшін **OK** түймесін

басыңыз:

- **[Слайдшоу жиілігі]:** слайд
көрсетіліміндегі әр суреттің көрсетілу
уақыттың орнату.
- **[Слайдшоу қозғалыстары]:** бір
суреттен екіншісіне өтуді орнату.
- **[Қайталу]:** Слайд көрсетілімін
қайталап көру үшін **[Қайталу]**
параметрін, ал бір рет көру үшін **[Бір
рет ойнату]** параметрін таңданыз.
- **[Арапастыру қосулы] / [Арапастыру
өшіргүлі]:** Слайд көрсетіліміндегі
суреттердің кездейсок ретпен
көрсетілуін қосу немесе ажырату.
- **[Кескінді бұры]:** суретті бұры.
- **[Ақпаратты көрсету]:** Сурет туралы
мәлімет көрсету.

Ескертпе:

Сурет туралы ақпаратты (мысалы, атау,
альбом, күн, файл өлшемі немесе келесі
суреттің атауы) карау үшін суретті таңдап,
 INFO түймесін басыңыз.

Ақпаратты жасыру үшін **INFO**
түймесін қайтадан басыңыз.

3 Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану

Телемәтінді көрү

Бетті таңдау

Телемәтін функциясы бар арналарды көріп отырганда, телемәтінді көрүге болады.

1. Телемәтін функциясы бар арнаны таңдап, **TEXT** түймесін басыңыз.
2. Бетті келесі әдістердің бірімен таңдаңыз:
 - Беттің нөмірін **Санды түймелер** арқылы енгізіңіз.
 - Келесі не алдыңғы бетті көру үшін, **CH + / CH -** - басыңыз.
 - Тұрлі түсті кодтағы элементті таңдау үшін **Тұрлі түсті түймелер** басыңыз.

Телемәтін опциялары

1. Телемәтінді көргенде, **OPTIONS** түймесін басыңыз.

2. Кез келген опцияны таңдаңыз:

- **[Бетті қат. тастау] / [Бетті босату]:** Ағымдағы бетті қатыру немесе босату.
- **[Кос экран] / [Толық экран]:** Кос экрандық телемәтінді қосу немесе ажырату. Кос экран ағымдағы арна мен телемәтін хабарын ТД экраны бөлінген екі жартысынан көрсетеді.
- **[Т.О.Р. шолу]:** беттер кестесі (Б.К.) телемәтін таратылымдары бет немірлерін енгізбей, бір тақырыптан екіншісіне секіруге мүмкіндік береді.
- **[Үлкейту] / [Қалыпты көрініс]:** Бетті үлкейту. Үлкейтілген көріністе жылжу үшін **Жылжу түймелері** түймесін басыңыз.

- **[Ашып көрсетеу]:** Жұмбактардың немесе бас қатырыштардың шешімдері сияқты беттегі жасырын ақпаратты жасырады немесе көрсетеді.
- **[Циклдық ішкі беттер]:** Егер қосалқы беттер бар болса, олардың әрқайсысы автоматты түрде көрсетіледі.
- **[Тіл]:** басқа таңбалар жиынтығын дұрыс көрсетеу үшін басқа тіл тобына аудыс.
- **[Телемәтін 2,5]:** Телемәтінді көбірек түстермен және қалыпты телемәтінге қарағанда жақырақ сыйбалармен қаралу. Егер 2,5 телемәтін нұсқасы арна арқылы таратылса, ол әдепті мәні бойынша қосылады.

Телемәтін тілі

Басқа телемәтін тілдерін қамтамасыз ететін таратушылары бар сандық ТД арналары үшін қалаған негізгі және қосымша тілді таңдауға болады.

1. түймесін басыңыз.
2. **[Балпау] > [Арна параметрлері]** түймесін таңдаңыз.
3. **[Тілдер] > [Негізгі телемәтін]** немесе **[Көмекші телемәтін]** параметрін таңдаңыз.
4. Тілді таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Қосалқы беттер

Телемәтін бетінде бірнеше қосымша беттер бар болса, әрбір қосымша бетті кезекпен қарауға болады. Ішкі беттер негізгі бет нөмірі қасындағы жолакта көрсетіледі.

Оларды таңдау үшін немесе түймесін басыңыз.

Блоктау мен таймерлерді орнату

Сағат

Теледидар экранынан сағатты көрсетеуге болады. Сағат телевизияның күзметтерін көрсететін операторының тарататын уақытты көрсетеді.

Теледидар сағатын көрсету

1. Теледидарды көріп отырған кезде **OPTIONS** түймесін басыңыз.
2. **[Сағат]** опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Сағат теледидар экранының жоғарғы он жақ бұрышында көрсетіледі.

Сағат режимін өзгерту

Сағат режимін автоматты не қолмен режиміне өзгертуге болады. Эдепкіде ол, реттелген әмбебап уақытына (UTC) автоматты түрде синхрондайтын, автоматты режиміне орнатылған. Егер теледидарының UTC берген деректерін қабылдай алмаса, сағат режимін **[Көл режимі]** күйіне өзгертиңіз.

1. Теледидарды көріп отырған кезде **🏡** түймесін басыңыз.
2. **[Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Жалпы параметрлер]** опцияларын таңдаңыз.
3. **[Сағат] > [Авто сағат режимі]** опциясын таңдаңыз.
4. **[Автоматты], [Көл режимі]** немесе **[Елге байланысты]** параметрін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Уақыт белдеуін өзгерту*

Сағат аудиосын елдерде **[Авто сағат режимі] > [Автоматты]** немесе **[Елге байланысты]** таңдалса, уақыт белдеуін өзгертуінізге болады.

1. **[Сағат]** мәзірінен **[Уақыт белдеуі]** опциясын таңдаңыз.
2. Уақыт белдеуін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Күндізгі уақытты қою*

Сағат аудиосын елдерде **[Авто сағат режимі] > [Автоматты]** немесе **[Елге байланысты]** таңдалса, уақыт белдеуін өзгертуінізге болады.

1. **[Сағат]** мәзірінен **[Жаздық]** опциясын таңдаңыз.
2. **[Стандартты уақыт]** немесе **[Жаздық уақыт]** параметрін таңдаңыз, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Сағатты қолмен орнату

Күн мен уақытты қолмен орнатуға болады. Бастамас бұрын, сағат режимін **[Көл режимі]** параметріне орнатыңыз.

1. **[Сағат]** (Сағат) мәзірінде, **[Күн]** не **[Уақыт]** опциясын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
2. Уақытты немесе күнді **Жылжу түймелері** көмегімен орнатыңыз.
3. **[Дайын]** опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

*Белгілі елдерде бар.

Ұйықтау таймері

Теледидарды нақты уақыт өткен соң күту режиміне аудистырып қосуға болады. Көрсетілген уақытты кері есептегендеге, теледидарды ертерек өшіруге немесе ұйқы таймерін қайта орнатуға болады.

1. **🏡** түймесін басыңыз.
2. **[Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Жалпы параметрлер] > [Ұйқы таймері]** опцияларын таңдаңыз.
3. Ұйқы таймерінің ұзақтығын таңдаңыз. Ұйқы таймерін 180 минутқа дейін орнатуға болады. Ұйқы таймерін өшіру үшін, оны нөл минутқа орнатыңыз.
4. Тұнгы таймерді қосу үшін, **OK** түймесін басыңыз. Нақты уақыт өткен соң, теледидар күту режиміне аудисады.

Балалардан қорғау құлпы

Балаларды қолайсыз телебағдарламалардан қорғау үшін теледидарды немесе жасқа байланысты шектелген бағдарламаларды блоктауға болады.

Балалардан қорғау құлпышының кодын қою немесе өзгерту

1.  түймесін басыңыз.
2. [Баптау] > [Арна параметрлері] > [Балалардан құлпы] тармағын таңдаңыз.
3. [Кодты орнату] немесе [Кодты өзгерту] тармағын таңдаңыз.
4. Кодты **Санды түймелер** (Сандық түймелер) көмегімен енгізіңіз.

Көнек: Арналарға арналар тізімінен кірсөніз, құлпы кодын енгізу сұралады. Код ұмытылған жағдайда, ағымдағы кодтарды жою үшін, «8888» енгізіңіз.

Арналарды құлыптау немесе құлпын ашу

1. Балалардан қорғау құлпы мәзірінен [Арнаны құлыптау] опциясын таңдаңыз.
2. **Санды түймелер** көмегімен балалардан қорғау кодын енгізіңіз.
3. Құлыптау немесе құлпын ашу қажет арналарды таңдаңыз. Құлыпты белсендіру үшін теледидарды қайта іске қосыңыз.

Ескертпе.

Арналарға арналар кестесінен кірсөніз, құлыптау кодын енгізу сұралады.

Ата-аналық құлып деңгейі

Теледидарды тек балаңыздың жасынан кіші жас деңгейлері орнатылған бағдарламаларды көрсететін етіп қоюға болады. Бұл шектеу бағдарламаларды жасқа байланысты жіктейтін таратушылардан алынған сандық арналарға ғана колданылады.

1.  түймесін басыңыз.
 2. [Баптау] > [Арна параметрлері]
 3. [Балалардан құлпы] > [Ата-ана рейтингі] опциясын таңдаңыз.
- Балалардан қорғау кодын енгізу сұралады.

4. Сұралғанда, ата-аналық құлып кодын **Санды түймелер** (Сандық түймелер) көмегімен енгізіңіз.

5. Жас деңгейін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.

Таңдалған жас деңгейінен жоғары барлық бағдарламалар блокталады.

Балалардың көруін шектейтін блоктау кодтары туралы акпарат алу үшін **Теледидардың қосымша мүмкіндіктерін пайдалану** > **Блоктау мен таймерлерді орнату** > **Балалардан қорғау ққ әлпі** (Бет 20) бөлімін қараңыз.

4 Теледидар параметрлерін өзгерту

Сурет пен дыбыс

Сурет параметрлері

Сурет мәзірінде параметрлерді өзгертуге болады.

1. түймесін басыңыз.
2. [Баптау] > [Теледидар параметрле] > [Сурет] опцияларын таңдаңыз, ОК түймесін басыңыз.
3. Өзгерту үшін параметрді таңдаңыз, ОК түймесін басыңыз:

 - [Сурет мәнери]: Алдын ала анықталған сурет параметрін таңдау.
 - [Мән-ді қалп.келт-у]: Соңғы таңдаған алдын ала анықталған дыбыс параметрін қалпына келтіру.
 - [Артқы жарық контрасты]: Дисплей артқы жарығының жарықтығын реттеу.
 - [Тұс]: Суреттің тұс қанықтығын реттеу.
 - [Айқындық]: Суреттің айқындығын реттеу.
 - [Шуды бәсендетеу]: Сурет үшін шуды азайту мөлшерін таңдау.
 - [MPEG өнімін азайту]: Сандық суреттегі етулер мен күнгірттікіт жатық ету.
 - [Сандық мөлдірлілік]: Қоршаған пиксельдерге сәйкестендіру үшін әрбір пиксельді реттеп, керемет, жоғары ажыратымдылықты суретті шығару.
 - [Кеңейтілген айқындылық]: Жақсырақ айқындықты қосады, әсіресе суреттегі сыйыктар мен контурларда.

- [Көз. контраст]: Суреттің күнгірт, орташа және ашық аймақтарындағы мәліметтерді динамикалық түрде жақсарту.

- [Көз. артқы жарық]: Динамикалық қуат тұтынуды және сурет контрастын оңтайландыру үшін артқы жарық деңгейін таңдау.

- [Түсті қүшету]: Түстердің жарықтығы мен мәліметтерін динамикалық түрде жақсарту.

- [Кеңейтілген]: Гамма, ренк параметрлері және бейне контрастының параметрлері сияқты кеңейтілген параметрлерге кіру.
 - [Гамма]: Сурет ашықтығы мен контрастына арнаған сыйыктық емес параметрді реттеу.
 - [Ренк]: Тұс балансын өзгерту.
 - [Таңдамалы ренк]: Тұс балансы параметрін теншеу. [Ренк] > [Таңдамалы] таңдалған жағдайда ғана кол жетімді.
 - [Бейне контрасты]: Бейне контрастын реттеу.
 - [Жарықтылық]: Экран жарықтығын реттеу.
- [Ойын немесе компьютер]: Қосылған ойын консолінен мазмұндық карау кезінде ойын параметрлерін колдану үшін [Ойын] параметрін таңдаңыз. Компьютер HDMI арқылы қосылғанда, [Компьютер] параметрін таңдаңыз.
- [Пішім және жиектер]: Суреттің көрсету пішімін басқару үшін кеңейтілген параметрлерге кіріңіз.
 - [Сурет пішімі]: Сурет форматын өзгерту.
 - [Экран жиектері]: Сурет өлшемін өзгерту.
 - [Сурет жылжыу]: Қол жетімді болса, сурет орналасуын жылжытыңыз.

Дыбыс параметрлері

Дыбыс мәзірінде параметрлерді өзгертуге болады.

1. түймесін басыңыз.
2. [Балтау] > [Теледидар параметрле] > [Дыбыс] опцияларын таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
3. Эзгерту үшін параметрді таңдал, **OK** түймесін басыңыз:

- **[Дыбыс мәнери]:** Алдын ала анықталған дыбыс параметрлеріне кіру.
- **[Мән-ді қалп.келт-у]:** Соңғы таңдалған алдын ала анықталған дыбыс параметрін қалпына келтіру.
- **[Бас дыбыс]:** Үндеткіш пен құлақаспаптардың басс деңгейін реттеу.
- **[Діріл]:** Үндеткіш пен құлақаспаптардың жоғарғы жілік деңгейін реттеу.
- **[Кеңейтілген дыбыс ре]:** Дыбыс тәжірибесін жақсарту үшін коршаған дыбыс режимін таңдау.
- **[Құлаққап үнділігі]:** Құлақаспаптың дыбыс деңгейін реттейді.
- **[Кеңейтілген]:** Дыбыс тәжірибесін жақсарту үшін кеңейтілген параметрлерге кіру.
 - **[Дыбыс деңгейін авто реттеу]:** Дыбыс деңгейінің кенет өзгеріүін азайтуды, мысалы арналарды ауыстырганда, косу.
 - **[ТД құшайткіштері]:** Теледидардан дыбысты бағыттау үшін қалаған үндеткіштерді таңдау. **Теледидарды қосу > EasyLink құрылғыларын орнату > Динамик шығысын тақдау** (Бет 38) бөлімін қараңыз.
 - **[Clear Sound]:** Дыбыс сапасын жақсарту.
 - **[Аудио шығыс пішімі]:** Сандық дыбыс шығыс коннекторы арқылы дыбыс шығыс түрін таңдайды. **[Көп арналы]** және **[Стерео]** параметрлерінің біреуін таңдаңыз.

- **[HDMI 1 - ARC]:** HDMI 1 косқышына қосылған ARC үлесімді құрылғысынан дыбыс шығысын қосады.

- **[Аудио шығ. кідірісі]:** Теледидардағы суретті қосылған үй кинотеатрының дыбысына автоматты түрде үндестіреді. Теледидарды Philips үй кинотеатрына қосқанда, бұл параметрді пайдалану қажет емес.

- **[Аудио шығысы үйлесімі]:** Дыбыс шығысының кідірісі үшін параметрді реттейді. **[Аудио шығ. кідірісі]** қосылған жағдайда қол жетімді.

Дыбыс форматы

Аналогтық телеарна таратушысы стерео дыбысты бірнеше форматта шығарса, дыбыс форматын таңдауға болады.

1. түймесін басыңыз.
2. [Балтау] > [Арна параметрлері] > [Моно/Стерео] опцияларын таңдаңыз.
3. Параметрді таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Сурет пен дыбысты қалпына келтіру

Арнаны орнату параметрлерін өзгертуға көмек жасайды. Арнаның қалыптасқан параметрлерін қалпына келтіруге болады.

1. Теледидарды көріп отырған кезде түймесін басыңыз.
2. [Балтау] > [Теледидар параметрле] > [Жалпы параметрлер] > [Зая. орнатымдар] параметрлерін таңдал, **OK** түймесін басыңыз.
3. **[OK]** опциясын таңдал, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

Барлық ТД параметрлері (арна параметрлерінен басқа) әдепті зауыттық параметрлерге қалпына келеді.

Каналдар

Автоматты орнату

Теледидар алғаш қосылғанда арналардың толық орнатылуы жасалды.

Тілді әрі елді өзгерту және барлық қол жетімді ТД арналарын қайта орнату үшін, осы толық орнатуды қайта іске қосуға болады.

Орнатуды бастау

Ескертпе: егер кодты енгізу сұралса, «8888» кодын теріңіз.

1. түймесін басыңыз.
2. [Баптау] > [Арналарды іздеу] > [Арналарды қайта орнату] опцияларын таңдап, **OK** түймесін басыңыз.
3. Еді таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.
4. Желіні таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

- [Антенна (DVB-T)]: Ашық антenna тасымалдарына кіру.
- [Кабель (DVB-C)]: Кабель тасымалдарына кіру.

5. Бар болса, басқа параметрлерді таңдау үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Арналарды іздеудің бастапқы мәзірі көрсетіледі.

6. [Бастау] таңдап, одан кейін **OK** түймесін басыңыз.

7. Арна іздеу процесі аяқталған соң, [Аяқтау] параметрін таңдап, **OK** түймесін басыңыз.

Кеңес: арналар тізімін қарау үшін, LIST түймесін басыңыз.

Ескертпе. Сандық ТД арналары табылғанда, орнатылған арналар тізімі бос арна нөмірлерін көрсету мүмкін. Осы арналардың атауларын өзгерте аласыз.

Аналогты арналарды орнату

Аналогты ТД арналарын бір-бірлеп іздел, сақтауға болады.

1-қадам: жүйені таңдау

Ескертпе: егер жүйе параметрлері дұрыс болса, бұл қадамды өткізіп жіберіңіз.

1. Теледидарды көріп отырған кезде түймесін басыңыз.

2. [Баптау] > [Арна параметрлері] > [Арнаны орнату] опцияларын таңдаңыз.
